## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне байланысты жекелеген мәселелер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 маусым N 704

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауында болған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітуді және олардың әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру туралы ұсыныстар енгізсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 28 маусымдағы
N 704 қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауына берілетін республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының тізбесі

Ескерту. 75-80-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.29. N 1148 қаулысымен.

| | |
|---|---|
| 1. Қазақ ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және жөндеу технологиялық ғылыми-зерттеу институты | Ақмола облысы, Алексеевка қаласы |
| 2. Қазақ Еңбек Қызыл Ту орденді А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Ақмола облысы, Шортанды ауданы |
| 3. Қазақ ветеринария ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 4. Қазақ агроөнеркәсіп кешенінің экономикасы және оны ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 5. Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 6. Қазақ ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 7. Қазақ мал азығын өндіру және жайылым ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 8. Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 9. Қазақ қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Жамбыл ауданы |
| 10. В.Р.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 11. Қазақ мал шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 12. Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 13. Қазақ өсімдіктерді қорғау ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 14. Қазақ құс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 15. Қазақ астық және оны қайта өндеу өнімдері ғылыми-зерттеу институты | Астана қаласы |
| 16. Атырау ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Атырау қаласы |
| 17. Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы |
| 18. Орталық Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Орталық Қазақстан облысы, Бұқар жырау ауданы |
| 19. Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Қызылорда қаласы |
| 20. Тың ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру ғылыми-зерттеу институты | Қостанай қаласы |
| 21. Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Қостанай облысы, Қостанай ауданы |
| 22. Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Павлодар облысы, Павлодар ауданы |

| | |
|---|---|
| 23. Солтүстік мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-зерттеу институты | Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы |
| 24. Қазақ ет және сүт өнеркәсібі ғылыми-зерттеу және конструкторлық институты | Семей қаласы |
| 25. Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Тараз қаласы |
| 26. Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Шымкент қаласы |
| 27. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Шымкент қаласы |
| 28. Республикалық ауыл шаруашылығы ғылыми кітапханасы | Алматы қаласы |
| 29. Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Ақтөбе облысы, Ақтөбе ауданы |
| 30. Арқалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Қостанай облысы, Арқалық ауданы |
| 31. Жамбыл ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Тараз облысы, Жамбыл ауданы |
| 32. Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Қостанай облысы, Комсомол ауданы |
| 33. Красноводопад ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы |
| 34. Львов ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Қостанай облысы, Жітіқара ауданы |
| 35. Мақтаарал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы |
| 36. Н.И.Вавилов атындағы Арал өңірі өсімдіктердің генетикалық ресурстары тәжірибе станциясы | Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы |
| 37. Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданы |
| 38. Степноишим ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы |
| 39. Торғай ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Ақмола облысы, Есіл ауданы |
| 40. Орал ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы | Орал қаласы |
| 41. Дәнді дақылдар тәжірибе шаруашылығы | Ақмола облысы, Шортанды ауданы |
| 42. В.Р.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының Қаскелең тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 43. Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Каменский" мемлекеттік мал тұқымын асылдандыру зауыты | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 44. Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Жамбыл ауданы |

| | |
|---|---|
| 45. Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Алмалы" жеміс-жидек дақылдары тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Талғар ауданы |
| 46. Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Бірінші мамыр тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Қарасай ауданы |
| 47. Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Ақсеңгір тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Жамбыл ауданы |
| 48. Шығыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Шығыс Қазақстан тәжірибе шаруашылығы | Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы |
| 49. Шығыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Зырян тәжірибе шаруашылығы | Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы |
| 50. Шығыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының майлы дақылдар тәжірибе шаруашылығы | Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы |
| 51. Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Мерке" тәжірибе шаруашылығы | Жамбыл облысы, Мерке ауданы |
| 52. Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығы | Қызылорда облысы, Сырдария ауданы |
| 53. Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Түгіскен" тәжірибе шаруашылығы | Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы |
| 54. Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Заречное" тәжірибе шаруашылығы | Қостанай облысы, Қостанай ауданы |
| 55. Павлодар ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Ертіс" тәжірибе шаруашылығы | Павлодар облысы, Ертіс ауданы |
| 56. В.Р.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының "Қалал" тәжірибе шаруашылығы | Алматы облысы, Ақсу ауданы |
| 57. В.Р.Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының "Көктал" кәсіпорны | Алматы облысы, Панфилов ауданы |
| 58. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Тұқым шаруашылығы жөніндегі тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы |
| 59. Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Бірлік" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы |
| 60. Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Задария" мемлекеттік мал тұқымын асылдандыру зауыты | Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы |
| 61. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Келес" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы |
| 62. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының К.Қонысбаев атындағы тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданы |

| | |
|---|---|
| 63. Қазақ қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының "Ақ дала" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы |
| 64. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының "Алтын төбе" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы |
| 65. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының "Комсомол" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы |
| 66. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының Қызылқұм тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы |
| 67. Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының "Қарабау" таңдаулы тұқым шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы |
| 68. Жеміс және жүзім шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының "Сарыағаш" тәжірибе шаруашылығы | Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы |
| 69. Жеміс және жүзім шаруашылығы Қазақ ғылыми-зерттеу институтының "Помология бағы" кәсіпорны | Алматы облысы, Талғар ауданы |
| 70. Қостанай ветеринария ғылыми-зерттеу станциясы | Қостанай қаласы |
| 71. Академик К.И.Скрябин атындағы Жамбыл ветеринария ғылыми-зерттеу станциясы | Тараз қаласы |
| 72. Батыс Қазақстан ветеринария ғылыми-зерттеу станциясы | Орал қаласы |
| 73. Оңтүстік Қазақстан ветеринария ғылыми-зерттеу станциясы | Шымкент қаласы |
| 74. "Көктал" жүгерінің аталық нысандары тұқымдарын қайта өңдеу зауыты | Алматы облысы, Панфилов ауданы |
| 75. Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты | Алматы қаласы |
| 76. Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты филиалдарымен | Ақмола облысы, Щучинск қаласы |
| 77. Алматы орман тәжірибе станциясы | Алматы қаласы |
| 78. Алтай орман тәжірибе станциясы | Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы |
| 79. Кондратов тәжірибе-үлгілік орман питомнигі | Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы |
| 80. Ө.Ө.Оспанов атындағы Топырақтану институты" | Ақмола облысы, Шортанды ауданы, "Научный" кенті |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы

N 704 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

2. <*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.25. N 202 қаулысымен .

3 <*>

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1132 қаулысымен .

4. <*>

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.07. N 1096 қаулысымен.

5. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 карашадағы N 1754 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 504-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің карауындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірлері 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 96, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 114, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 124, 125, 126-127, 129, 130, 131, 132, 133, 135, 136, 137, 138, 140, 142, 144, 145, 146, 147-жолдар алынып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК